тіркелмеген жағдайда, дәрігерді үйге шақыру мүмкін емес.

3. Анатомиялық кемістігі, емделмейтін елеулі және айқын білінген ағза қызметінің бұзылуы және жазылуға мүмкіндігі жоқ аурулардан басқа жағдайларда диагноз қойылғаннан кейін 4 ай өткен соң отбасының балаға мүгедектілікті рәсімдеуге құқығы бар (ережелердің 5 тармағы).

4. Медициналық емхананың базасының негізінде «Ерте Араласу» атты бағдарламалық жобасына Алматы қ. тұрғындары енгізілуі мүмкін.

5. Бір жастағы балаларға медициналық бейімделу әрбір үш ай² сайын жүйке-психикалық даму бағамына және диагностикалардың клиникалық хаттамаларына сәйкес емдеу жүзеге асырылады. Медициналық бейімделуден өтуге кезекке тұру үшін емхана меңгерушісіне бару қажет.

6. Отбасы бейімделуден өту жерін республикалық, облыстық немесе балалар бейімделу орталығынан таңдауына құқығы бар.

7. Ауруды анықтаған жағдайда тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіледі.

8. Бюджет қаражаты есебінен ҚР-ның азаматтары шетелге емделуге жіберілетін аурулардың тізімі: *мидың хирургиялық қол жетімсіз функционалды маңызды жерлеріне оқшаулау секілді емдеудің радиохирургиялық тәсілін (гамма-пышақ) талап ететін артериовенозды мальформациялар және ісіктер; эндоваскулярлық жолымен емделетін ми бағанасы тамырларының артериовенозды мальформациясы, жұлын және артериялық аневризмасы; транссоральды жолмен алып тастайтын*

¹ ҚР-ның Денсаулық сақтау және Әлеуметтік Даму министрінің 2015 жыл 30 қаңтардағы №44 жарлығы.

² ҚР-ның Денсаулық сақтау және Әлеуметтік Даму министрінің 2015 жыл 27 ақпандағы «Қалпына келтіру емі мен медициналық реабилитация, сонымен қатар балалардың медициналық реабилитациясы жөніндегі ережені нақтылау» атты №98 бұйрығына сәйкес бір жастағы балаларға медициналық реабилитация әрбір үш ай сайын жүйке-психикалық даму бағамына және диагностикалардың клиникалық хаттамаларына сәйкес емдеу жүзеге асырылады.

бас сүйек негізіндегі қатерлі ісікті; радиохирургиялық емдеуді талап ететін көздің қатерлі ісіктері (гамма-нышақ, радиоактивті аппликаторлар); кератопротездеу; жүректің, бүйректің, бауырдың, өкпенің, сүйек кемігінің трансплантациясын қажет ететін аурулар; көмей стенозы; кеңірдек стенозы.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢ 3-6 ЖАС

Балаға білім беру мекемелерінде оқу қиынға түсетінін түсіну



Психологтың ұсыныстары:

Әдетте, ерекше қажеттіліктері бар балалар әр түрлі себептерге байланысты ойнай алмайды. Ойын – баланың дамуы үшін маңызды және қажетті биологиялық қажеттілігі. Кейбір ойындар бізге қарапайым немесе біртектес болып көрінсе де, олар маңызды қызмет орындайды. Ойнау оларға қуаныш, бақыт сезімін береді. Мұндай эмоционалдық көңіл-күй психикалық және физиологиялық даму үшін де маңызды. «Ерекше» балалардың ойындары біркелкі, қайталанатын болып келеді.

- Сіздің міндетіңіз – баланы ойнауға үйрету.
- Баланың назарын аудару үшін жарқын, түрлі-түсті заттарды таңдаңыз. Сіздің ойыныңыз баланы қызықтыруы міндетті, және сіз өзіңіз де қызығыңыз қажет.
- Ойын барысында кезкелген ойынды ұйымдастыруға болатын үш ойыншық болуы керек. Мысалы, ойыншық көлік, аю және текшелер. Ойын бойынша аю текшелерді көлікке жүктейді.
- Баланың бастамасын әрдайым қолдаңыз.
- Үй істерімен бірге айналысыңыз. Баланы барлығына бірден үйретуге тырыспаңыз. Әр нәрсенің өз уақыты бар.
- Осы кезеңде балаға бірге жұмыс істеп, көмек қабылдауды үйрету маңызды.
- Танымдық іс-әрекет дағдыларын жетілдіруді жалғастырыңыз (түстер, пішіндер, сөйлеу, ұсақ моторика).



Әлеуметтік қызметкердің ұсыныстары:

• Баланың құрдастарымен қарым-қатынасын шектемеңіз. Құрдастарымен қарым-қатынас тәжірибесінің болмауы кейде жақтырмау, тіпті агрессияға әкеп соғады (даму ерекшеліктері бар балалармен құрдастары жиі бірге ойнамайды, оларға жоламайды, олардың сыртқы келбеті немесе мінез-құлқы жөнінде теріс көзқарас білдіруі мүмкін).

• Баламен бірге түрлі қоғамдық орындарға барыңыз, (балалар алаңдары, сауда орталықтары) толыққанды өмір сүріңіз.

• Балаңызды балабақшаға беруге тырысыңыз. Бұл оның одан әрі дамуы үшін маңызды. Бала басқа балалармен ерте сөйлесе бастаған сайын, оған әлеуметтік бейімделу оңай болады.

• Балабақшаны таңдау кезінде меңгерушіні, тәрбиешіні, медициналық қызметкерлерді сіздің балаңыздың ерекшеліктері туралы хабардар етіп қойыңыз.

• Үйде баланың сабақ оқитын жері болуы керек, ол үшін арнайы орын бөліңіз.

• Балаға ойыншықтарды ұқыпты ұстауды, орнына жинауды үйретіңіз. Алдымен бәрін онымен бірге жасаңыз, біртіндеп көбірек дербестік бере бастаңыз.

• Тәртіп ережелерін түсіндіріңіз. Балаға қандай заттарды істеуге болатынын және болмайтынын айтыңыз.

• Әрқашан оны үй жұмыстарын орындауға тартыңыз. Мысалы, дастархан жаю, шаңды сүрту, еден сыпыру, т. б.



Заңгердің ұсыныстары:

1. Психологиялық, медициналық және педагогикалық кеңестердің қорытындысы мен оқитудың жеке жоспарына сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалар үш жастан бастап мектепке дейінгі білімді ала алады (ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы Заңының 11-бабы).

2. Кемтар балалардың, олардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары:

1) баланы психологиялық, медициналық және педагогикалық комиссия тарапынан куәландыру барысына қатысу;

2) баланы тексеру нәтижелері, жеке әлеуметтік және меди-

циналық-педагогикалық қолдаудың нәтижелері туралы дұрыс ақпарат алу, арнаулы медициналық білім беру және әлеуметтік қызмет көрсетумен айналысатын ұйымдардан кеңес алу;

3) Балаларға арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау алу;

4) Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оңалтудың жеке бағдарламасын орындауға қатысуға міндетті (*ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы Заңының 17-бабы*);

5) Мүгедектігі бар баланың қоғамдық өмірге белсенді қосылуына ықпал ететін, оның қадір-қасиетін қамтамасыз ететін жағдайларда дені сау балалармен тең толық өмір сүруге құқығы бар (*ҚР «Білім туралы» Заңының 31-бабы*);

6) Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер (бұдан әрі-ПМПК) кемтар балаларды мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсетуге арналған және басқа да ұйымдарға медициналық, арнаулы білім беру және әлеуметтік көмек алу үшін ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің келісімімен ғана жібереді (*ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы Заңының 10-бабы*).

7) Алғашқы ПМПК жүргізу 1 (бір) сағаттан кем болмауы тиіс (*Мемлекеттік ПМПК жүргізу стандарты*).

8) Меншік нысанына қарамастан (жеке немесе мемлекеттік) балаларға білім беру мекемелерінің әкімшілігі балаңызға білім беру қызметін көрсетуден бас тартуға құқылы емес. Бас тартқан жағдайда сіз жоғары тұрған инстанцияларға, прокуратураға шағымдануға немесе сотқа арыз-талап түсіруге құқылысыз.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП КЕЗЕҢІ 6-10 ЖАС

Баланың мектепте оқуы қиын екенін түсіну

Психологтың ұсыныстары:



6-7 жасқа жақындаған сайын, білім алу туралы мәселе пайда болып, оны шешу қиындай түседі. Білім туралы заң еліміздің барлық азаматтары үшін білім алу құқығына кепілдік береді. Даму қиындықтары бар балалар үшін мемлекет білім алу үшін қолайлы жағдайлар жасауы тиіс. Баланың қайда және қалай оқитынын ата-аналардың өздері таңдай алады.

Бүгінгі күні ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін олардың жағдайын бағалау жөніндегі міндетті психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия өткізіледі, ол баланың мектепте қандай бағдарлама бойынша оқуы тиіс екендігі жөнінде қорытынды береді (түзету сыныбы, үйде оқыту немесе басқа). Алайда, балаңыз қай мектепте білім алатыны жөнінде таңдау құқығы өзіңізде болады. Сіз мектепті өзіңіз үшін емес, өз балаңыз үшін таңдайсыз. Мектеп таңдаған кезде өзіңізге: «Балама осы мектепте оқу қаншалықты жайлы болады?» деген сұрақ қойыңыз, оның мүмкіндіктерін дұрыс бағалаңыз!

Арнайы түзету сыныптары бар мекемелерден басқа соңғы жылдары инклюзивті білім беру мектептері ашылуда. Осындай мектептерде баламен танысу кезінде педагогикалық консилиум өткізіледі, оның құрамына мектеп педагогтары: психолог, логопед, дефектолог кіреді. Бала туралы ақпарат, қандай да бір саладағы даму деңгейі көрінеді, одан кейін балаға қандай пәндерден жетекшінің көмегі қажет екені, ал қандай сабаққа өз бетінше қатыса алатыны көрінеді. Нәтижесінде жеке оқу жоспары әзірленеді.

- Бала үшін мектеп таңдаған кезде оның мүмкіндіктеріне назар аударыңыз!

- Мектепті таңдау барысында, таныс және көршілердің сөздеріне сенбеңіз. Сізді қызықтырған мектептер тізімін жазып алыңыз, содан кейін оларға барып көріңіз.

- Оқу ісінің меңгерушісі немесе мектеп директорына жолығыңыз. Сіз балаңызға қалай білім беретінін, балаңызға ол жерде қаншалықты жайлы болатындығын, қандай оқу құралдары қажет болатынын білуіңіз керек.

- Құжаттарды ұсынар алдында, тек мектеп директорымен ғана емес, сонымен қатар оқытушылармен де танысуға тырысыңыз. Бастауыш мектепте іс жүзінде балаға бір мұғалім барлық пәндерден береді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі кім болатындығы өте маңызды.

- Оқытушыға және балаңыздың болашақ сыныптастарының ата-аналарына балаңыздың ерекшеліктері туралы хабарлаңыз. Олар не ойлап, не айтатыны туралы тіпті ойланбаңыз.

Әлеуметтік қызметкердің ұсыныстары:



- Баланы тәрбиелеудің негізгі мақсаты – оны қоғамға бейімдеу. Бұл дегеніміз, бала өз мүмкіндіктеріне қарай өзіне-өзі қызмет көрсетуді үйренуі керек. Бала өскен кезде, сіз оның жанында әрдайым болмайтыныңызды ескеріңіз.

- Балада қарапайым тұрмыстық дағдыларын дамытыңыз: бала өзіне-өзі шырын құйып, дайын тағамды жылыта білуі қажет. Одан әрі баланы өз бетінше тағам дайындауға және ас үй құрал-жабдықтарымен жұмыс істеуге үйрету керек.

- Баланың қарапайым үй жұмыстарын орындауына мүмкіндік беріңіз: үй шаруасы бойынша көмектесу, дастархан жаю.

- Баланың мүмкіндіктеріне байланысты, оның бойында бірте-бірте дербестікті қалыптастырыңыз, мысалы, балаңыз сізге қоқыс шығаруға көмектессін, жақын маңдағы дүкенге барып келсін.

- Үй тапсырмасын онымен бірге отырып орындаңыз, оған көмектесіңіз. Бірақ ешқашан оның орнына тапсырманың барлығын толығымен өзіңіз орындамаңыз.

Заңгердің ұсыныстары:

Білім алу кепілдіктері:



1. ҚР Конституциясы 30-бабы бойынша азаматтарға мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріледі.

2. Мемлекет мүгедектердің білім алу құқығын мойындайды. Бұл құқықты іске асыру кезінде ол: а) мүгедектердің Мүгедектік себебі бойынша жалпы білім алудан, ал мүгедек балалардың-тегін және міндетті бастауыш білім алу немесе орта білім алудан алынып тастал-

мауын; б) мүгедектердің өз тұратын жерлерінде инклюзивті, сапалы және тегін бастауыш және орта білім алуға басқалармен тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

3. Мемлекет ҚР азаматтарының тегін мектепке дейінгі, бастауыш, орта, техникалық және кәсіптік білім алуын қамтамасыз етеді. Мемлекет инклюзивті білім беру жоспарын орындай отырып, даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарға олардың білім алуы үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді³.

1. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімі бойынша педагогикалық-медициналық-психологиялық комиссияның қорытындысын ескере отырып жүзеге асырылады.

2. Баланың немесе білім алушының ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері оның қалауы, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдайды.

3. Баланы білім беру ұйымына оқуға қабылдаудан бас тартқан жағдайда білім алушының ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тұрғылықты жері бойынша білім беруді басқару органдарына жүгінеді. Ата-аналар ұсыныстардың бала мүддесіне қаншалықты сай келетінін бағалауға құқылы.

4. Ата-аналар ұсынымдарды баланың мүдделеріне сәйкес келетінін немесе келмейтінін бағалауға құқылы. ПМПК маманы жазбаша түрде ұсынуға міндетті:

- баланың дене және психикалық дамуында, мінез-құлқында ауытқушылықтың болуы немесе болмауы, баланың білім алуы үшін жағдай жасау қажеттілігінің болуы немесе болмауы, арнайы педагогикалық тәсілдер негізінде даму мен әлеуметтік бейімделудің бұзылуын түзету туралы негізделген тұжырымдарды;

- білім алу нысанын, бала меңгере алатын білім беру бағдарламасын, психологиялық-медициналық-педагогикалық көмектің түрлері мен әдістерін анықтап, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау бойынша ұсыныстарды.

³Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жыл 12 қазандағы Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік қағидаларын бекіту туралы №564 Бұйрығы 6-8 тармақтары.

Егер сіздің пікіріңіз бойынша баланың барлық мүдделері толыққанды ескерілмесе, ПМПК қорытындысы жөнінде қалалық/облыстық білім беру басқармасы немесе прокуратураға шағымдану қажет.

5) Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысына және оқытудың жеке жоспарына сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалар жеті - он жастан бастап бастауыш және негізгі орта білім ала алады. Бұл ретте мемлекеттік білім беру бағдарламаларына сәйкес бастауыш және негізгі орта білім берудің ұзақтығы он жылдан кем болмауы тиіс. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы бойынша көрсетімдер болған жағдайда мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқыту жеке және үйде тегін жүзеге асырыла алады.

6) Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеуді жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша бекітілген тәртіппен белгілі бір мөлшерде ресімдеуге құқылы.

ЖАСӨСПІРІМДЕР КЕЗЕҢІ 11-15 ЖАСТА БАСТАЛАДЫ

Құрдастарымен байланыс орнатудағы қиындықтардың бірі –жыныстық жетілу болып келеді



Психологтың ұсыныстары:

Бала психофизиологиялық және психолеуметтік жас дағдарысын бастан кешеді. Ол сүйек-бұлшықет, жүрек-тамыр және жыныстық жүйелердің жылдам және біркелкі жетілуіне, құрдастарымен қарым-қатынас жасауға және өзін-өзі бекітуге ұмтылуына байланысты болады. Балада өзін-өзі бағалау және өзін-өзі тану белсенді қалыптасады. Бұл қиын кезеңде бала бірте-бірте оның басқаларға ұқсамайтынын түсінеді. Осыған байланысты эмоционалдық тұрақсыздығы және көңіл-күйдің күрт ауытқуы, өзінің «Мен» дегендігі пайда болып, бекітілуі, адами қарым-қатынас жүйесінде өз орнын табу сияқты ерекшеліктері туындайды.

• Ең алдымен, баланы отбасында оны жақсы көретініне және барлық қиындықтары мен қателіктеріне қарамастан оны сол қалпында қабылдайтындықтарына нақты сенім тудырыңыз. Балаңыз әрдайым сіздің махаббатыңызды сезініп, сіздің оны бағалап, қабылдайтыныңызды барынша көрсетіңіз және мейлінше бауырыңызға басып, еркелетіп, жаныңыз ашудан ұялмаңыз.

• Ешқашан баланы ренжітетін сөздермен ұрыспаңыз және оның қадір-қасиетін, әсіресе құрдастарының көзінше түсірмеңіз. Оған достарын немесе таныстарын үлгі етіп қоймаңыз. Жасөспірімнің ең жақсысына сүйеніп, оның мүмкіндіктеріне сеніңіз.

• Оған барынша көңіл бөліңіз, оның әрбір сәтсіздіктерінде онымен бірге болыңыз және қандайда бір жетістікке жетсе онымен бірге қуаныңыз.

• Егер сіз баланың өзін-өзі ұстау қиын екенін байқасаңыз, онда оған айналасындағыларға зиян келтірмейтіндей өз агрессиясын сыртқа шығаруға мүмкіндік беріңіз.

• Балаға тиімді мінез-құлық үлгісін көрсетіп, оның көзінше ашуланып, кек алу жоспарын жасамаңыз.

• Жасөспірімді түсінуге, оның ойлары мен сезімдеріне көңіл бөлу үшін өзіңізді оның орнына қойыңыз. Бала-жасөспірімнің табысқа жетуіне барынша жағдай жасаңыз, оған өзін мықты, шебер, жолы болғыш болып сезінуге мүмкіндік беріңіз. Мықты тұлғаны тәрбиелеңіз!

Баланың дамуы барысында жыныстық жетілу – өте нәзік тақырып болып келеді. Адамның өсіп-жетілуіне қарай, оның физикалық немесе интеллектуалдық жағдайына қарамастан, оның гормондары өзі туралы әртүрлі физиологиялық өзгерістер арқылы мәлімдейді. Балаға бұл өзгерістердің табиғи екенін түсіндіру қажет. Жыныстық жетілу негіздерін қалыпты дамушы балаға қалай таныстырсаңыз, өз балаңызға да солай етіп таныстырыңыз. Ол өз дене ерекшеліктері туралы түсінікке ие болуы керек. Оған барынша көмектесіңіз.

• Өз балаңызға жыныстық жетілу (поллюция, етеккір, генитация, кеуде және т.б.) кезінде ағзада болатын физиологиялық өзгерістер туралы оған түсінікті етіп айтып беріңіз. Етеккірдің келуі мен поллюцияның пайда болуы балағатқа толмаған ұлдар мен қыздарды абдыратып қоюы мүмкін, сондықтан жасөспірімдерді осы өзгерістерге алдын ала дайындау маңызды. Оларды жеке гигиена ережелеріне үйретіңіз.

• Балаларыңыздың (жасөспірімнің) өз жеке кеңістігін қалыптастыру қажеттілігін құрметтеңіз және оларды бұзбаңыз. Бұл

өте маңызды, өйткені осы кезеңде балаларда дербестік, интимдік кеңістік сезімі қалыптаса бастайды. Егер ересектер балалардың бұл қажеттіліктерін сыйлай білсе, жасөспірімдер біртіндеп өзге адамдардың жеке өмірін құрметтеуге үйренеді.



Әлеуметтік қызметкердің ұсыныстары:

Ерекше қажеттіліктері бар балаға құрдастарының қарым-қатынасы оның өзін-өзі бағалауына, ата-аналарының «толыққанды тұлға» ретінде тәрбиеленуіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қоғамның қаншалықты төзімділікпен, түсінушілікпен қарауы маңызды рөл атқарады. Даму ерекшеліктері бар адамдармен қарым-қатынастың адекватты болуы олардың басқа адамдармен қатынасы экзотика емес, қалыпты болуына байланысты. Алайда, бұл ерекшеліктері бар адамдардың өздері де осы қоғамда қабылданған мінез-құлық нормаларына сәйкес өзін ұстаса ғана толықтай жүзеге асады.

- Баланы қоғамдағы мінез-құлық нормаларына, яғни не істеуге болады немесе болмайтындығына үйретіңіз.

- Баланы адамдармен танысуға үйретіңіз: өзін таныстыру, амандасу, қоштасу секілді. Бұл кейде формалды көрінуі мүмкін, бірақ ешқашан артық болмайды.

- Бала өсіп келеді. Оның басқа балалармен өзі бастап танысуын күтпеңіз. Егер ол мұны жасамаса, оған көмектесіңіз, баланы біреумен таныстырыңыз, аты-жөнін сұрап араларында қарым-қатынас орнатуға көмектесіңіз. Көптеген балалар өздері-ақ қызығушылық танытып, жақындайды және қарым-қатынасқа дайын болады. Оларға назар аударғаныңыз жөн, себебі олар болашақта сіздің маңызды қатарластарыңыз болып келеді.

- Егер бала сыртқы көрінісі жағынан құрдастарының арасында қатты ерекшеленіп тұрса, онда сізге не істеу керектігі жайлы ойлаған жөн. Сыртқы түр келбеті, кітап тілінде немесе керісінше, мәнсіз сөйлеу, епсіздік — мұның бәрі баланы басқалардан ерекше етеді.

- Балаға құрдастарымен бірден араласып кету міндетті емес. Балаларға өзінен кішкентай немесе үлкендермен ортақ тіл табысу оңай болып келеді. Олар өз қатарластарымен толыққанды қарым-қатынасқа ұзақ уақыт бойы дайын болмауы мүмкін.

- Балаға өзінің есімін әрдайым айтып тұрыңыз. Сіз қай жерде болсаңыз да, балаңызбен оған таныс болған балаша төбелес ойын түрін ойнатыңыз. Баланы сабақтан алып келе жатқанда одан онымен бірге шыққан баланың аты-жөнін, оның жетістіктерін, сабақтың оған қаншалықты ұнайтынын сұраңыз.

- Бұл үшін мектепте жақсы көмек - ол балалардың суреті. Баладан сурет арқылы басқа балалар туралы айтып беруін сұраңыз.

- Егер бала мектептегі парталасымен жақсы қарым-қатынас орната алған болса, олардан орнын ауыстырмауын сұраңыз, өйткені балалар түрлі ойлау айырмашылықтарына байланысты орындарын ауыстырып отырады.

- Бұл жетістікті «дамыта түсіңіз», ата-анасымен танысып, балаларды қонаққа шақырыңыз. Мектеп уақытында балаларда бірін-бірімен сөйлесуге уақыт бола бермейді. Балаңыз достарын қонаққа шақыруға ұялуы мүмкін, оған демеу болыңыз.

- Егер сіз киноға, театрға, океанариумға, мұражайға баруды жоспарласаңыз, басқа да балаларды, сыныптастарын бірге баруға шақырыңыз. Әңгімелесу үшін көп тақырыптар пайда болады.

- Балаңызды өзгелердің қайғысына ортақ болуға, жанашырлыққа, аяушылыққа үйретіңіз. Егер жолдасы құлап қалса немесе жарақаттанып қалса, оны қолдау керектігін айту керек. Егер досы жаңа ойыншық сыйласа, оған қуануы керек екендігін айтқан жөн.

- Бала бойына өзін-өзі сүюшілік пен өзін-өзіне сенімділік қасиеттерін сіңдірген жөн. Алайда, өз жолдастарын қорлау немесе қорлау есебінен өзін-өзі жоғарлатуға жол беруге болмайтынын түсіндіру абзал.

- Балаға құрдастары тарапынан қорлайтын лақап ат пен жаман сөздерге жіті жауап берудің қажет емес екенін түсіндіріңіз. Егер бала кезінде ол достарының арандатушылығына сабырлы болуды үйренсе, онда болашақта оның күйзеліске төзімділігі көптеген жағымсыз жағдайларды болдырмауға септігін тигізеді.



Заңгердің ұсыныстары:



1. 2018 жылдан бастап⁴ ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға негізгі орта білімі туралы аттестатты беру білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде жүзеге асады. Аттестатта «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен» бекітілген Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін игермеген, жеке бағдарламалар бойынша Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар) білім алушыларға арналған» деп жазылады. Оқылмаған пәндер бойынша «оқылмаған» деген сөз жазылады.

2. Өзінің негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігінен, өзін-өзі қамтамасыздандыру және (немесе) өздігінен жүріп-тұруы мүмкіндігінен ішінара немесе толық айрылуы себепті бөгде адамның көмегі мен күтіміне мұқтаж мүгедек-балаға аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету үйде және қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінде халықты әлеуметтік қорғау саласында арнайы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Денсаулық жағдайы бойынша өзге адамның үнемі күтімі мен медициналық қызмет көрсетуіне мұқтаж мүгедек балаларға мүгедек балаларға арналған интернат-үйлерінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі және онда және оларға тіршілік ету жағдайларын туғызу, күтімен қамтамасыз ету, медициналық қызметтер көрсету, оңалту, әлеуметтік-еңбекпен бейімдеу, демалыспен бос уақыттарын ұйымдастыру үшін жағдай жасалған.

⁴«Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 210 бұйрығы

18 ЖАСҚА ЖЕТУ КЕЗЕҢІ

Мамандық таңдау мен алу және одан әрі жұмысқа орналасу кезінде болатын қиындықтар



Психологтың ұсыныстары:

Жасөспірім кезеңінде алдағы өмірлерін қалыптастыру мәселелері, сонымен қатар мамандық алу туралы сұрақтар мазалай бастайды. Бұл кезең өте ауыр, себебі бұл баланың жеке мүмкіндіктері мен мүдделеріне сай келетін мамандықты таңдау кезеңі. Ерекше қажеттіліктері бар адамдар арасында да алдын мақсат қоя білетін, табысты мансап құра білген адамдар жиі кездеседі. Олардың көпшілігі тек өзінің жеке қасиеттеріне ғана емес, сондай-ақ басымдықты дұрыс қойып, есіркеуге, өзін-өзін кінәләуға жол бермей, баласы үшін көптеген есіктердің жабылып қалуынан үнемі қорғап отырған ата-аналарының алдында да борыштар. Егер баланың денсаулығы бойынша мүмкіндігі болса, сіз баланың кәсіби тұрғыда жетістікке жету маңыздылығын толық түсінуіңіз керек. Тек осы жағдайда ғана сіз өз балаңызға дұрыс таңдау жасауға және оны жүзеге асыру мен оның кәсіби өсуінде қолдау көрсете аласыз.

- Мектепке дейінгі жастан бастап өз балаңызды еңбек етуге деген оң көзқараста болуға, сүйіспеншілікке үйретіңіз. Ол үшін баланың күнделікті өзі орындай алатын үй міндеттері болуы керек. Балада қоғамға қатысты масылдық ұстанымы қалыптаспауы тиіс.

- Балаңызды есіркемеңіз, өзін кінәлі сезінуге жол бермеңіз және балаңызды барлық істе қорғаштай бермеңіз, ол оның алдында көптеген мүмкіндіктер есігінің жабылуына алып келуі мүмкін.

- Арнайы ойындар арқылы болашақта баланың кәсіпті дұрыс таңдауы үшін қажетті мамандықтармен таныстырыңыз. Балаға әр мамандықтың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айтып беріңіз.

- Баланың мүмкіндіктеріне сай келетін кәсіби таңдау қалыптастыру өте маңызды. Сондықтан, баланы толыққанды дамыған және өзін-өзі дұрыс бағалай алатындай тұлға етіп тәрбиелеңіз.

- Мамандықты таңдау кезінде міндетті түрде баланың мүдделерін, мүмкіндіктері мен таңдаған мамандығына байланысты қиындықтарын ескеріңіз.



Әлеуметтік қызметкердің ұсыныстары:

- Ерекше қажеттіліктері бар баланың болашақ мамандықты таңдауында қолайлы жағдайды анықтау үшін оның денсаулығына мұқият талдау жасаңыз. Таңдаған мамандығына байланысты міндетті түрде дәрігерден қосымша кеңес алыңыз, ол барлық көрсетімдер мен қарсы көрсетімдерді анықтауы қажет. Мысалы, орталық жүйке жүйесімен қиыншылықтары бар балаларға психоэмоционалдық шиеленіс байқалатын жерде жұмыс істеуге болмайды; көру кемістігі бар балалар үшін айтарлықтай физикалық жүктемелермен, тозаңдатылған үй-жайларында жұмыс істеуге тиым салынған; ал аутизмі бар балалар үшін міндетті түрде әлеуметтік қарым-қатынас болатын жерде қызмет ету ұсынылған.

- Баланың физикалық, психикалық және эмоциялық ерекшеліктеріне сәйкес келетін кәсіптердің тізімін жасаңыз. Сіздің тұру аймағыңызда сол мамандық бойынша білім алуға болатын мекемелерді таңдап, оларға талдау жасаңыз.



Заңгердің ұсыныстары:

1. Мемлекет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мүгедектер, бала кезінен бері мүгедек балалардың білім алуы барысындағы шығындарды толық немесе ішінара өз мойнына алады.

2. Мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын техникалық, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру мекемелерінде білім алушы мүгедектерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеңілдіктер беріледі.

3. Бірінші және екінші топтағы мүгедектер мен мүгедек балалар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алу барысында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде үлестеме көзделген.

4. Мемлекеттік білім беру гранттарын бюджеттік қаржыландыру арқылы тегін мемлекеттік білім алуға арналған конкурсқа қатысқан кезде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуына болатын бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың басым құқығы бар

5. Мүгедектікті ресімдеу және ұзарту кезінде жеке оңалту жоспарын барынша әзірлеу қажет. Жеке оңалту бағдарламасы ағзаның бұзылған функцияларын қалпына келтіруге және орнын толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалту шараларын қамтитын кешеннен тұрады.

Мүгедектерді медициналық оңалту мыналарды қамтиды:

1) қалпына келтіру терапиясы (дәрі-дәрмектік, физикалық, шипажайлық және организмнің бұзылған функцияларын қалпына келтіруге бағытталған емдеудің басқа да әдістері);

2) реконструктивтік хирургия;

3) протездік-ортопедиялық көмек.

Шипажайлық емдеу халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мүгедектер мен мүгедек балаларға жеке оңалту бағдарламасына сәйкес көрсетіледі.

Мүгедектерді әлеуметтік оңалтуға кіретіндер:

1) мүгедектерді жеке гигиена, өзіне-өзі қызмет көрсету, жүріп-тұру, қарым-қатынас жасаудың негізгі әлеуметтік дағдыларына үйрету;

2) мүгедектерді арнаулы көмекші техникалық жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;

3) бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету;

4) жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсыну.

Мүгедектер тізім бойынша оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

6. Бала 18 жасқа толған кезде жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігін сақтауға ықпал ету. Медициналық-әлеуметтік сараптама бойынша адамды сот арқылы әрекетке қабілетсіз деп тану заңсыз болып табылады. Баланы іс-әрекетке қабілетсіз деп тану және оған қамқоршылықты шекті жағдайларда ғана (реанимацияда болу, тұлғаның қозғала алмауы) ресімдеу қажет.

7. Психикалық және ақыл-ой кемістігі бар балаларға қамқоршылық ресімдеуге баланың әрекет қабілеттілігін сақтай отырып, мүмкіндік беріледі.

ПРАВА РЕБЕНКА С ФИЗИЧЕСКИМИ И МЕНТАЛЬНЫМИ НАРУШЕНИЯМИ



ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАР

Жасы келіп зейнеткерлікке шыққандағы
еңбек өтілін санаған кезде есепке алынатындар:



- 1 топтағы мүгедекке қараған уақыты;
- 2 топтағы **жалғызбасты** мүгедекке;
- жасына байланысты зейнеткерлікке шыққан **басқа**
- адамның көмегіне **мұқтаж** адамдар;
- **80-жасқа** жеткен қарттарды күткен уақыты;

- **16 жасқа** дейін мүгедек-балаға қараған уақыт;



- жұмыс істемейтін ананың жас балаларына қараған уақыты, бірақ **әрбір бала 3 жасқа жеткенше**, барлығы 12 жылға дейін.

(13 бап. Жасы бойынша зейнетақы шағудағы жалпы еңбек өтілін санау)



АЛИМЕНТ АЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ



Сот көмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға - ата-анасы табысының жөне (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бірін; екі балаға - үштен бірін; үш және одан да көп балаға - тең жартысын өндіріп алады.


Алимент төлеуге қажетті қаражаты бар бұрынғы жұбайынан алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге:
2) ортақ мүгедек баланы он сегіз жасқа толғанға дейін бағып-күтуді жүзеге асырып отырған, сондай-ақ он сегіз жасқа толған соң ортақ мүгедек балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайының.

Еңбекке жарамды ата-аналар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз көмелетке толған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Алимент мөлшерін сот алимент төлеу кезіндегі қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен басқа да назар аударарлық мүдделерін негізге ала отырып, айқындайды.

Еңбекке жарамды ата-аналар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз көмелетке толған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Алимент мөлшерін сот алимент төлеу кезіндегі қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен басқа да назар аударарлық мүдделерін негізге ала отырып, айқындайды.



I-II топтағы мүгедектік



136-бап. Көмелетке толмаған балалары асырап-бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері

146-бап. Бұрынғы жұбайдың неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін алимент алуға құқығы

143-бап. Еңбекке жарамсыз көмелетке толған балалардың алимент алуға құқығы

144-бап. Ата-аналардың балалары күтіп-бағуға арналған қосымша шығыстарға қатысуы

Еңбек шартын жасасу кезі мүмкіндіктер теңдігінің кепілдіктері



Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, мүгедектік еңбек шартын жасасу құқығын шектемейді.

(25 бап)



Түнгі уақыттағы жұмыс

Сағат 22-ден 6-ға дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі.



Иссапарларға жіберілетін жұмыскерлер үшін кепілдіктер мен өтемақы төлемдері

✓ 3 жасқа дейінгі балалары бар жұмыскерлер

✓ егер медициналық қорытынды негізінде мүгедек балалар не отбасының науқас мүшелері тұрақты күтімді жүзеге асыруға мұқтаж болса, отбасының науқас мүшелерін күтуді жүзеге асыратын не мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлер іссапарға барудан бас тартуға құқылы.

(127 бап)

✓ 7 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерді және 7 жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған басқа да адамдарды;

✓ 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлерді жазбаша келісімінсіз түнгі уақыттағы жұмысқа тартуға құқылы емес.



(76 бап)



Еңбек шартын жұмы берушінің бастамасы бойынша бұзу мүмкіндігін шектеу

Жұмыс берушіге 14 жасқа дейінгі баланы (18 жасқа дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеп отырған жалғызілікті аналармен, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен осы

✓ жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған;

✓ жұмыс берушінің экономикалық жай- күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген;

жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға жол берілмейді.

(54 бап)



МҮГЕДЕКТИКТИ ҚАЛАЙ РӘСІМДЕУ КЕРЕК? МҮГЕДЕКТИКТИҢ ДӘРІЖЕСІН РӘСІМДЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ШАРТТАР:

Ауру бойынша стационарға жолдайтын салалық маманға немесе учаскелік дәрігерге көріну.



2

Стационар дәрігері сырқатнамадан үзінді көшірмеде сипаттама жазады.



1


Учаскелік дәрігердің/ салалық маманның берген бланкісімен тексеру өтеді

4



3

Үзінді көшірмені алып, емделуші учаскелік дәрігерге немесе салалық маманға барадылисту



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер емделуші өз еркімен жүре алмаса, онда тексеру үйде жүргізілуі керек.



5

Дәрігердің жолдамасымен және қорытындысымен емделуші мүгедектіктің дәрежесін анықтайтын медициналық – өлеуметтік сараптамадан (МӘС) өтеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер емделушінің жағдайы ауыр болса, ол өз еркімен жүре алмаса, онда МӘС дәрігерлері үйге келулері керек.

МҮГЕДЕКТІК ТОПТАРЫ



Кемтар бала (балалар) - белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).



16 жасқа дейін мүгедектік тобы бөлінбейді. Құжаттарда 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар - мүгедек балалар көрсетіледі.

МҮГЕДЕК БАЛАРАДЫҢ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ




психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындысына сәйкес арнаулы білім беру ұйымдарында немесе мемлекеттік жалпы білім беретін оқу орындарында тегін мектепалды және жалпы орта білім алуға;



мемлекеттік оқу орындарында мемлекеттік білім беру бағдарламалары шегінде конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуға;

Бюджеттен қаржыландыру арқылы мемлекеттік тегін білім алу, білім беру гранттарын алу конкурсына қатысқан кезде көрсеткіштері басқалармен бірдей болған жағдайда, медициналық-әлеуметтік сараптау бөлімдерінің қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында білім алуына болатын I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер басым құқыққа ие болады.



оқу бітіргеннен кейін алған біліміне және (немесе) кәсіби даярлығына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмысқа орналасуға құқығы бар.



әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды кепілдікті түрде тегін алуға;



мемлекеттік медициналық ұйымдарда, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда немесе медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тегін тексерілуге және тегін медициналық көмек алуға;



дене немесе психикалық кемістіктері байқалған сәттен бастап, оның көріну дәрежесі не қарамастан, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысына сәйкес тегін медициналық-психологиялық-педагогикалық түзеуге;

медициналық айғақтамалары бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен протез- ортопедия бұйымдарымен және аяқ киіммен, арнайы қарпі бар баспа күшейткіш аппаратурамен және сигнал бергіш құралдармен, компенсаторлық техникалық құралдармен тегін қамтамасыз етілуге;



*психолого-медико-педагогических консультаций
Ст. 15 Закона РК «О социальной и медико-педагогической
коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями»

